



Автор: Асыл Сальменова Айтугановна

Пән: Сауат ашу

Сынып: 1-сынып

Бөлім: Саяхат

Тақырып: Табиғатқа саяхат. Б дыбысы мен әріпі.

Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу):	1.2.9.1 Әріпті тану, ажырату және оны дыбыспен сәйкестендіру. 1.2.1.2 Оқудың түрлерін (буындап оқу, жиі кездесетін сөздерді тұтас оқу, түсініп оқу) қолдану. 1.2.5.1 Мәтін иллюстрациясы бойынша сұрақтар қоя білу немесе қойылған сұраққа жауап беру (мұғалімнің көмегімен). 1.1.4.1 Мәтіннің мазмұнын тақырыбы немесе оның иллюстрациясы бойынша болжау. 1.1.9.1 Сөздегі дыбыс түрлерін (дауысты, дауыссыз, жуан және жіңішке дауыстылар) ажырату және дұрыс дыбыстау. 1.3.11.1 Сөйлемді бас әріптен бастап жазып, сөйлем соңына тиісті тыныс белгілерін қою.
Сабақтың мақсаты:	Барлық оқушылар орындай алады: Оқудың түрлерін қолданады. Мәтіннің не туралы екенін айтып, мазмұнын айтады. Көптеген оқушылардың орындай алады: Өз бетінше оқиды, сөздерден сөйлем құрай алады, ойын еркін жеткізе алады. Дыбыстық талдау жасайды. Кейбір оқушылар орындай алады: Мәтін бойынша сұрақтарға жауап береді, сұрақ қоя біледі. Бордың неден жасалатынын айтады.
Тілдік мақсаттар:	Түйінді сөздер мен сөз тіркестері: Балық-рыба- fish
Күтілетін нәтиже:	Барлық балалар: Сөз бен сөйлемді ажырата алады. Балалардың басым бөлігі: Балалар өз ойларын еркін жеткізе алады. Кейбір балалар: Сурет бойынша шағын әңгіме құрастырады.
Бағалау критерийлері:	Дыбыстарды ажыратып, сөздерді буындап, дыбыстық талдау жасайды. -Сөйлеу барысында дауыс ырғағын, мәнерін, қарқынын, сөз арасындағы кідірісті сақтайды. - Сұрақтарға толық жауап береді. -Мәтінің мазмұнын қимылдың, ым-ишараның көмегімен жеткізеді. -Сөйлеу барысында сипаттау/салыстыру сөздерін қолданады.
Құндылықтарды дарыту:	Мәңгілік Ел, бұл – Тарихтың, Мәдениет пен Тілдің ортақтығы.
АКТ-ны қолдану дағдылары:	Аудиожазба, таныстырылым.
Пәнаралық байланыс:	Өнер, ана тілі сабағы
Бастапқы білім:	Пп дыбысы мен әріпі

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың басы (10 минут)	Психологиялық ахуал туғызу мақсатында «Қайырлы таң» өлеңін айтқызамын. -Балалар, бір-біріміздің қолымыздан ұстап, алақан арқылы жүректің жылуын сезініп үйренген қандай тамаша, қандай қуаныш!- деп айтқызамын. Топқа бөлу. Балалар житондар арқылы үш топқа бөлінеді.	Шаттық шеңбері Сары, қызыл, жасыл житондар

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың ортасы (15 минут)	Суретпен жұмыс. ҰЖ 5e354e112a1c.png Image not found or type unknown Бақбақ сөзіне дыбыстық талдау жасайық? Дескриптор: 1. Кестедегі түсіп қалған әріптерді табады, сөзді оқиды. 2. Бб әрпінен басталатын жануар мен жәндіктердің атын атайды. 3. Бақбақ сөзіне дыбыстық талдау жасайды. Кері байланыс: «житондар» ҚБ «жұлдызшалар» 1-тапсырма: ТЖ Оқы. 5e3854ac316c2.png Image not found or type unknown 5e38550456c9b.png Image not found or type unknown Дескриптор: 1. Сөзді буындап, жиі кездесетін сөздерді тұтас оқиды. 2. Мәтінді оқиды, не туралы айтылғанын анықтайды. 3. Бордың неден жасалатынын айтады. Кері байланыс: «житондар» ҚБ «жұлдызшалар» 2-тапсырма: ЖЖ Берілген сұрақтың жауабын сызбаға қарап болжа. Диалогті сыныптастарыңмен рөлге бөліп оқы. 5e38552932e0e.png Image not found or type unknown Дескриптор: 1. Диалогті рөлге бөліп оқиды. 2. Бордың неден жасалатынын айтады. Кері байланыс: «житондар» ҚБ «жұлдызшалар»	Таныстырылым, оқулықпен жұмыс. Суреттер Тыңдалым
Сабақтың соңы (10 минут)	Сергіту сәті Жазылым. Ө.Ж. Дәптермен жұмыс Бб әрпін жазып үйренейік, балалар қаламды қолға алып, Бб әрпін ауада жазайық. Енді дәптерге жазыңдар. Дескриптор: 1. Әріп элементтерін дұрыс салады. 2. Жазу жолын сақтайды. 3. Сөзді сауатты көркем жазады. Кері байланыс: «житондар» ҚБ «жұлдызшалар»	іс-қимылмен көрсетеді. Жазу үлгісі Дәптерлер
Рефлексия (5 минут)	Кері байланыс: «Бағдаршам» арқылы сабақ түсінгенін, не түсінбегенін білдіру.	Бағдаршам